

УДК 372.881.1

Лингвоелтанымдық материалды тиімді ұсыну жолдары**Құрманбаева Шынар Қапантайқызы**

педагогика ғылымдарының докторы, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры. 070016 Қазақстан Республикасы, Өскемен қ, Қазақстан қ, 55. E-mail: shkapantaykizi@mail.ru

Түйін. Мақалада қазақ тілін ересектерге үйретуде лингвоелтанымдық материалды қолдану мәселесі жайлы баяндалады. Оқу материалы авторитетінің тіл үйренушілердің есте сақтауына жағымды әсері эксперимент арқылы анықталады.

Түйін сөздер: елтанымдық материал; тіл үйрету; ақпарат; есте сақтау.

Кіріспе. Үйренушінің тілді меңгеруге бейімділігі мен дүние танымдық шеңбері, жеке басының оқуға деген ықылас-ынтасы оның тілді неғұрлым жылдам меңгеруінің кепілі бола алады. Берілген материалды меңгеру – тіл үйренушілердің қабілеті мен бейімділігіне тікелей байланысты. Соған байланысты тілдік деректер олардың шама-шарқына сәйкес көлемде, сана-сезіміне, ақыл-ойына әсер ететіндей мазмұнда сұрыпталып алынып, қызықтыратындай тиімді жолдармен ұсынылуы қажет.

Ересектерді оқыту кезіндегі психологиялық ерекшеліктерді зерттеген А.А.Смирнов олардың есте сақтау қабілеттерін жақсартудың жолдарын ұсынады. «В ряде случаев взрослые быстро и прочно запоминают материал именно потому, что он легко выделяется из всего прочего, поражает нас необычностью, странностью, вызывает к себе особое эмоциональное отношение, нравится иногда своим комизмом, привлекает своей звуковой стороной» (Smirnov 1987, s. 391). Демек, ұсынылатын тілдік деректер өзіндік ерекшеліктерімен ересек тыңдаушыларды еліктіріп әкететіндей қызықты, тартымды болуы қажет. Ол үшін лексикалық деректер танымдық бағытта іріктелуі қажет.

«Пояснения преподавателя, в основном лингвистического, этимологического или страноведческого характера, помогают поддержать интерес, внимание учащихся и подключить особенно характерную для взрослого человека ассоциативно-логическую память» (Smirnov 1987, s. 393). Сондықтан өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде оның білімділік, қатысымдық қызметімен қатар тіл арқылы адамзат баласы жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды меңгерудің және өз ойын жеткізудің, өзін-өзі тану мен өзгені танудың бірден-бір құралы тіл екендігіне көз жеткізетін танымдық қызметін меңгерту міндеті тұр.

Зерттеудің мақсаты: Тіл үйретуде елтанымдық материалдың атқаратын рөлін анықтап, оларды қызықты етіп ұсынудың жолдарын көрсету, оқу материалының авторитетін арттыра отырып ұсынған кезде ол тіл үйренушілердің есінде жақсы сақталып қалатынын тәжірибе арқылы дәлелдеу.

Әдістер: Қойылған мақсатқа жету үшін аталған мәселенің ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде зерттелуіне теориялық талдау жасау, әңгімелесу, эмпирикалық және тәжірибе жүргізу әдістері қолданылды.

Негізгі бөлім. Бүгінгі күндегі тіл үйрету оқулықтарында қамтылған лексикалық деректерге сараптама жасап көрсек, олар көбінесе берілген грамматикалық материалды бекіту мақсатында құрастырылған түрлі мазмұндағы байланыссыз жеке сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер. Тіл үйретуді тек осы сипаттағы лексикалық деректермен шектеп қоятын болсақ, тілді ауызекі сөйлеу деңгейінде үйретуге болады, алайда, ондай тіл үйренушінің бойынан сол тілді қолданушы

халықтың жанын түсіну, ол халыққа, тілге деген сый-құрмет сезімдерін оята алмаймыз. Осы тұрғыдан қарастырғанда, тілдің танымдық қызметін басшылыққа ала отырып іріктелген лексикалық бірліктер тіл үйренушілерге әлдеқайда тартымды, түсінікті, пайдалы әрі қажетті болар еді. «Егер тілдік материалдар Адамға, Қоғамға және Табиғатқа, Қоршаған Ортаға қатысты болса, тіл үйренушінің ой-өрісін дамытып, білім деңгейін көтеруіне, тілді тезірек игеруіне үлкен септігін тигізері сөзсіз» (Ауарова 1999).

«Тілді тек құрғақ таңбалар жүйесі деп қарастырып, оның негізгі эпистемиялық және когнитивтік қызметтерін есепке алмаудың нәтижесінде тіл үйрету сабақтарында грамматикалық ережелерді жаттату мен бірқалыпты жаттығуларды көшірту жүзеге асып келді. Бұл тіл сабақтарының мәнінің төмендеуі мен тіл үйренушілердің қызығушылықтарының жойылуына әкеліп соқтырды» (Leonovich 2000, s. 99).

Тіл үйрету әдістемесі ғылымының алдында тұрған көптеген мәселелердің ішіндегі бүгінгі күндегі өзектісі ең қажетті деп алынған лексикалық минимум арқылы елтану, мәдениеттану, этностануды қоса қамту болып табылады. Тіл үйренушілерге сол тілді қолданушы ұлт жайында жан-жақты мәлімет беріп, оларды қолдана отырып, тілдік қарым-қатынасқа түсуге жетелеу арқылы тіл үйрену сапасын көтеруге болады. Сол себепті, тілді оқып-үйретуде оның біржақты сыртқы формасын ғана емес, ішкі мәдени-танымдық сырларын да меңгертетін уақыт жетті.

Шет тілдерді оқыту тәжірибесінде тіл сабақтарымен бірге елтану курстары қатар жүргізіледі. Елтану пәні – шет тілдерді арнайы мамандарға (тіл маманы, аудармашы, елші, саясаткер т.б.) үйретуде қолданылатын әдістемелік ғылым саласы. Бұл пән үйретіліп отырған тілді қолданушы ұлттың қоғамдық және мәдени өмірі, дүниетанымы, басынан кешкен тарихы, географиясы, экономикасы, ішкі, сыртқы саясаты, мемлекеттік құрылымы жайындағы мәліметтерді қамтиды. Бірақ көп жағдайларда елтану пәні үйреніп жүрген тілде емес, аралық бір тілде (біздің елде көбінесе орыс тілінде) жүргізіледі де, тіл үйренуге ешқандай көмегі тимейді. Соған байланысты елтану пәні мен тіл үйрету сабақтарының арасындағы байланыс алшақтай түсуде (мысалы, испан тілін білмесе де, ол елдің спорттағы жетістіктерін өте жақсы біліп, өз ана тілінде осы тақырыпта қызу пікірталас жүргізуге болады).

«Елтану бірліктерін іріктеудің негізгі ұстанымы – оларды қатысымдық мақсаттарға жұмсау мүмкіндігінің болуы. Елтану материалдарын іріктеуде қатысымдық ұстанымды қолдану әр жағдайда жеке әрі нақты шешімдер қабылдауды керек етеді, бұл жерде жалпы нұсқаулар айту мүмкін емес. Ең бастысы олардың идеологиялық мәнін, тәрбиелік-танымдық функциясын, эстетикалық құндылықтарын назарға алу қажет», – деп жазады (Vereshagin, Kostomarov 1973, s.153- 154).

Тілдің танымдық қызметін басшылыққа ала отырып іріктелген лексикалық бірліктер тіл үйренушілерге әлдеқайда тартымды, түсінікті, пайдалы әрі қажетті болады. Тіл үйретуде сол тілді қолданушы халықтың рухани мәдениеті жайында тереңірек мәлімет берудің кейбір жолдары төмендегідей:

1. Сабақ барысында кездесетін ұлттық сипаттағы сөздерді баламасы бар болса, тікелей аудару тәсілімен, егер жоқ болса, мағынасын ашу жолымен түсіндіру;
2. Мәтінге лингвостилистикалық талдау жасауда мәтінге қосымша автордың қысқаша өмірбаяны мен шығармашылығы, шығарманың жазылу тарихы, оқиға болған кезең т.б. жайлы мәліметтер беру;
3. Берілген тақырыпты, мәтінді түсіндіруде көру сезімдеріне әсер ету немесе соған сай бейнефильмдер, иллюстрациялар, суреттер сынды көрнекілік құралдарын ұсыну;

4. Сабаққасәйкескинотелекурстарұйымдастыру;

5. Әр ұлттың өзіне ғана тән «ым тілі» жайында қосымша мәлімет беру т.б.

Бұл жерде: «...Қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпы жайлы айту керек болса, оны орысша әңгімелеп беру керек», – дегенғалым Ә.Жүнісбектің пікіріне қосыламыз (Junisbek 2004, s. 68).

Қазақ тілін оқыту сабақтарында ұлттанымдық деректерді тиімді тәсілдер арқылы ұсынуға бағытталған жұмыстарды жүргізу үшін мұғалім ұлт тарихы, мәдениеті жайында терең біліммен қаруланған, жан-жақты, білікті, нағыз ұлтжанды маман болуы керек.

Ересектерге тіл үйрету сабақтарындағы уақыттың шектеулілігіұсынылатын лексикалық минимумның ішіне ұлттың қоғамдық және мәдени өмірі, дүниетанымы жайындағы мәліметтерді әр деңгейге сәйкес ұтымды жолмен сұрыптай отырып енгізу қажеттілігін тудырады. Елді таныту, мәдениетті таныту, тіл арқылы ұлтты таныту қажет, алайда, танымдық деректерді оқулықта берудің және берілген дүниені дұрыс жеткізе білудің жолы бар. Тіл үйренуші білетін грамматикалық бірліктер шектеулі болғандықтан, мәтіндер олардың деңгейіне қарай бейімделіп, қарапайым тілмен берілуі тиіс. Мәтіндер тіл үйренушіге ой салу, ары қарай өздері қосымша ақпарат алуға ынталандыру мақсатында ұлы адамдар жайлы зерттеушілердің пікірлерін тіл үйренушілердің өз ана тілінде әңгімелеп берсе, әлдеқайда тиімді болады. Біріншіден, уақыт үнемделеді, екіншіден, осыдан кейін ұсынылатын оқу материалының авторитеті арта түседі.

Мысалы, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың жылдың төрт мезгілі жайлы өлеңдері – қазақ халқының өмірінен, дүниетанымынан мол мәлімет беретін лингвоелтанымдық деректер. Осы өлеңдерді оқытуға байланысты В1 деңгейі тіл үйренушілерінің арасында шағын тәжірибе жүргіздік.

Тәжірибенің мақсаты: Абайдың «Қыс» өлеңін үш рет қайталап оқып беріп, соңынан сөздік тест алу арқылы қанша сөзді естерінде сақтағандарын анықтау.

Тәжірибеге қатысушылар: Бақылау тобында – 15 адам, тәжірибе тобында – 15 адам. Барлығы 30 адам – тіл үйренуші ересектер.

Бақылау тобына жүргізілген тәжірибе: Бақылау тобында өлең мәтінін оқыр алдында ешқандай алғысөз айтылған жоқ. Өлеңнің не туралы екенін де ескертілмеді, авторы жайлы да сөз болған жоқ. Тек қана соңынан сөздік тест алынатыны ескертілді. Өлең мәтінін бір рет оқып берген соң, алдын-ала дайындалған жолма-жол аудармасы берілді. Одан кейін өлең асықпай тағы екі рет оқылды. Тіл үйренушілерге мәтінмен, және оның аудармасымен өз бетімен жұмыс істеуге қосымша 15 минут уақыт берілді. Осыдан кейін барлық материалдар жиналып алынып, бақылау парақтары таратылды.

Парақта өлең мәтіні бойынша 50 сөздің орысшасы ұсынылды. Сөздер бірінің астына бірі тізіліп жазылған, тіл үйренушілерден жанына қазақша сөздерді естеріне түсіріп, жазулары талап етілді.

Негізгі тақырыптың алдындатіл үйренушіге қысқаша қызықты кіріспе мәліметтер беру арқылы ұсынылатын оқу материалының авторитетін арттыра түсу.

Ұсынылатын оқу материалының авторитетінің тіл үйренушілердің есте сақтау қабілетіне әсерін анықтау.

Эксперименттобына жүргізілген тәжірибе: Эксперимент тобына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, мәтін алды жұмыстар жүргізілді. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы жөнінде, оның өлеңдерінің әлемнің көптеген тілдеріне аударылғаны жайлы айтылды. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов ол жайлы «Абай жолы» атты роман-эпопея жазғаны жайлы айтылды.

Компьютерден Абай өмір сүрген орта ғасырлардағы Қазақстан жайлы бейне материал ұсынылып, аудио-визуалды әсерді арттыра түсті. Ұлы Абайды бүкіл дүние жүзіндегі мәдениетті қауым білетінін, қастерлейтінін жеңіл де қызықты жолмен көрсету мақсатында Камерун жазушысы Бенжамин Матиптің «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы толғауы ұсынылды: «Қазақтар туралы бұрын-соңды ештеңе естімегенмін. Енді оларды білемін, өте жақсы танимын. Өйткені жақында ғана Мұхтар Әуезовтың тамаша кітабын ағылшын тілінде оқып шықтым. Қазақ халқының ұлы арысы, кемеңгер ақыны Абай, сүйікті сұлулар Тоғжан мен Әйгерім, Абайдың мейірімді достары – енді менің де жақсы білетін адамдарым. Мен осы геройлардың бәрін де ерекше сүйіп кеттім. Солармен бірге өсіп, біте қайнасқандай, қуаныш-қайғысын қоса бөліскендей болдым. Мен тіпті өзімді солармен бірге жүргендей сезінемін» (Бенжамен Матип).

Содан кейін мәтін соңы жұптық жұмыс ұйымдастырылды. Онда қатар отырған екі адам бірігіп, Абай өлеңдерін өзара талқылады. Арасында кейбір түсінбеген сөздерін сөздіктен қарап отырды.


Осы жұмыстардың барлығы орындалғаннан кейін топ мүшелеріне тура бақылау тобындағыдай ұсынылған 50 сөздің қазақша аудармасын жазуға кірісу тапсырмасы берілді.

Эксперимент тобына өлеңді ұсынар алдында таныстыруға 5 минут, мәтін соңынан жүргізілген жұптық жұмыстарға 10 минут, бұларға да бақылау тобындағыдай барлығы 15 минут уақыт жұмсалды.

Тәжірибенің нәтижесі. Тәжірибе нәтижесінде алдын-ала ешқандай қосымша ақпарат ұсынылмай, соңынан өздігінен жұмыс істемей, дайын аудармамен ғана жұмыс істеген бақылау тобы 3-і төмен баға, 7-і орташа баға, қалған 5-і жақсы деген баға алды. Ал эксперимент тобында оған керісінше, төмен және орта деген баға мүлдем болмады. Тіл үйренушілердің 5-і жақсы деген баға, 10-ы өте жақсы деген баға алды (20-кесте мен 16-сурет).

20-кесте. Сөздік тестті орындаған топтардың алған бағалары

Сөздер саны \ Топтар	10-20 сөз	21-30 сөз	31-40 сөз	41-50 сөз
Бақылау тобы	3 адам (20%)	7 адам (46,66%)	5 адам (33,33%)	0 адам (20%)
Эксперимент тобы	0 адам	0 адам	5 адам (33,33%)	10 адам (66,66%)



16-сурет. Сөздік тестті орындаған топтардың алған бағалары

Қорытынды: Инновациялық технологияларды қолдана отырып, алдын-ала дайындық жұмыстарын тиімді ұйымдастыра отырып ұсынылған тың ақпарат

қабылдауға жеңіл болады.

Материал адамның көру, есту сезімдеріне әсер ете отырып, өте сәтті ұсынылған кезде, адамның миында психологиялық импринт (ағылш. із қалдыру, әсер ету) құбылысы өтетіні, ондай жолмен алынған ақпарат мидың ұзақ есте сақтау қабілетін дамытатыны белгілі болды.

Эксперимент тобына ұсынылған қосымша ақпарат адам сезіміне әсер етер авторитеттің пікірі ретінде (француздың ұлы жазушысының атынан) берілгендіктен, тіл үйренушілер ұлы Абайды дүние жүзіндегі мәдениетті қауым білетінін, қастерлейтінін түсінді.

Өзін мәдениеттімін деп санайтын кез келген саналы адам Абайды білуге тиісті екендігі жайлы ойда қалды. Осындай жолмен берілген ақпаратпен танысқаннан кейін, тіл үйренушілер осы тақырыпқа қатысты қосымша мәліметтерді өз еркімен меңгеруге деген сұраныстары арта түсті.

Әдебиеттер тізімі / Список литературы

1. Аяпова Т. Қазақ тілі. Казахский язык для начинающих. – Алматы, 1999.
2. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – М.: Изд-во МГУ, 1973. – 234с.
3. Жүнісбек Ә. Орыс тілді ортада қазақ тілін оқыту әдістемесі (Грамматикасыз қазақ тілі). Жинақта: Мемлекеттік тілді үйрету жолдары: теориясы мен тәжірибесі. – Астана, 2004.
4. Леонович Е.Н. Предмет русского языка и задачи развития речи// Начальная школа. №4. – 2000. – С. 97-104.
5. Смирнов А.А. Роль понимания в запоминании В кн. Хрестоматия по психологии. - Сост. В.В. Мironenko. 2-е изд., перераб. и доп. - Москва: Просвещение, 1987. - 447с.

References

- Ayapova, 1999 - Ayapova, T 1999, *Qazaqtılı. Kazahskii yazik dlya nachinaushih*, Almaty. (in Kaz).
- Junisbek 2004 - Junisbek, A 2004, *Oristildi ortada khazakh tilin okhitya distemesi (Grammatikasiz khazakh tili), Memlekettik tildiyir etyoldari: teoriyasi men tәjiribesi*, Astana. (in Kaz).
- Leonovich 2000 - Leonovich, EN 2000, *Predmet rysskogo yazika i zadachi razvitiya rechi, Nachalnaya shkola*, P. 97-100. (in Rus).
- Smirnov 1987- Smirnov, AA 1987, *Rolponimaniya v zapominani. Hrestomatiya po psihologii*, Moskva. (in Rus).
- Vereshagin, Kostomarov 1973 - Vereshagin, EM, Kostomarov, VG 1973, *Yazikikylytyra. Lingvostranovedenie v prepodavanii rysskogo yazika kak inostrannogo*, Moskva. (in Rus).

Эффективные пути представления лингвострановедческого материала

Курманбаева Шынар Капантайкызы

доктор педагогических наук, профессор кафедры казахского языка и литературы Восточно- Казахстанского государственного университета имени С.Аманжолова. 070016 Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск, ул. Казахстан, 55. E-mail: shkapantaykizi@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается проблема использования лингвострановедческого материала в процессе обучения взрослых казахскому языку. Экспериментально доказывается положительное влияние авторитета учебного материала на запоминание обучающихся.

Ключевые слова: лингвострановедческий материал; обучение языку; информация; запоминание.

Effective ways of presentation of linguistic and country study materials

Kurmanbayeva Shynar Kapantaikyzy

Doctor of Pedagogical Sciences, professor of Kazakh Language and Literature Department of S. Amanzholov East-Kazakhstan State University. 070016, 55, Kazakhstan str., Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan, e-mail: shkapantaykizi@mail.ru

Abstract. The article deals with the problem of using linguistic and country study materials in the Kazakh language instruction to adults. The positive effect of the authority of educational materials on students' memorizing is experimentally proved.

Keywords: Linguistic and country study materials; language instruction; information; memorization.